

Lingua-professional training is carried out when the students discuss specific situations at the classes, and the method of analysis develops ability to analyze production problems: there is an exchange of views and a formation of linguistic expertise.

УДК 378: 55

**Б. Е. Хамзина**, техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

### **«ЖАЛПЫ ЖӘНЕ МҰНАЙ ГЕОЛОГИЯСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ**

#### **Аннотация**

Мақалада оқытудың инновациялық әдістерін қолданып сабақ жүргізудің тиімділігі сипатталған, сонымен қатар «Жалпы және мұнай геологиясы» пәнін оқытуда жаңа технологияларды қолдану арқылы студенттердің білімін жетілдіру мақсатында жүргізілген салыстырмалы талдау жасау экспериментінің нәтижесі берілген.

*Түйін сөздер: инновациялық технология, эксперимент, мұнай – газ.*

Қазақстанның 2030 даму стратегиясында: «Қазақстан үшін индустриялық технологиялы стратегия жасау қажеттігі дүниежүзілік тәжірибемен анықталған», – делінген[1]. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында. Қазіргі заман оқытушысынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Қазіргі студенттердің логикалық ойлау қабілеті, өздігінен іздену деңгейі төмен. Білім алушылар тек қана тыңдаушының ролін ғана емес, ізденушінің ролін де атқару қажет. Студенттердің білуге деген қызығуын арттыру үшін:

- студенттердің өздерінің ізденістерін ұйымдастыру қажет;
- өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстырып отыру қажет;
- студенттердің білімі мен біліктілігін тексергенде әр түрлі жұмыс формаларын пайдалану керек;
- сабақта жаңа әдістермен белсенді сабақ түрлерін пайдаланған жөн.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында жаңаша оқыту жүйесі қарқынды дамып келеді. Пән оқытушыларының алдында тұрған жауапты міндет – студенттердің білім деңгейлерін барынша жетілдіру. Әр оқытушының мақсаты - студенттердің алған білімін қолдана білуге үйрету. Олардың жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау, өз бетінше білімді меңгерту, студенттердің біртұтас өмірге деген көзқарасын қалыптастыру және интеллектуалдық іс-әрекеттерге әзірлеуде білім берудің инновациялық әдістерін қолданудың маңызы зор. Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, әртүрлі әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып жүр. Сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу студенттеріміздің білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Оқытушы қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсаты біреу, ол студенттерге тиянақты да сапалы білім беру. Студенттің белсенділігін, ізденушілік қабілетін дамытатын сабақтардың бірі - инновациялық сабақтар. Егер инновациялық сабақтарды рөлдік ойындар ретінде өткізсе, студенттер сабақта белсенділікпен жұмыс жасап, өз бетінше ізденуге, қорытынды шығаруға, іскерлікке дағдыланады[2,3]. Ондай сабақтарда студенттер материалды игеріп қана қоймай, зерттеу, сынау, сараптау, өмірмен байланыстыру, білім мен білікті практикада пайдалану, өз пікірін қорғай білу арқылы белсенділік көрсетеді. Білімді меңгеру белгілі әрекет үстінде жүзеге асады. А. Науменко: «Ойын арқылы адам әлемді таниды, біліктілікті игереді, білім алады»- деп, өте орынды атап өткен[4]. Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды сабаққа үндемей отыратын студенттер ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі. Өйткені ойын кезінде олар тең құқыққа ғана қолы жетіп қоймай, басқаларды өзіне қарататын мүмкіндікке ие болады. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете

бастайды.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен білім алушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы оқытушылар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан дүниежүзілік мұнай елдерінің біріне айналып отырғандықтан, болашақ жастардың осы мамандыққа бет бұрып, бағдар алуы өте көкейкесті мәселеге айналды. Мұнай-газ саласына білікті, коммуникативті қабілетті мамандар даярлауда «Мұнай – газ ісі және машина жасау технологиясы» кафедрасының оқытушылары өздеріміздің елеулі үлестерімізді қосып келеміз.

Сабақ жүргізуде инновациялық әдістерді қолданудың дәстүрлі жүйеге қарағанда тиімділігін анықтау мақсатында 5В070800 – «Мұнай – газ ісі» мамандығының НГД –21, 23 топтарында «Жалпы және мұнай геологиясы» пәнін оқытуда салыстырмалы түрде эксперимент жүргізілді. НГД – 23 тобына оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы, ал НГД – 21 тобына дәстүрлі әдіспен сабақтар өткізілді. Студенттің белсенділігін, ізденушілік қабілетін дамытатын сабақтардың бірі инновациялық сабақтар деп жоғарыда атап кеткеніміздей, бұл пәнді жүргізуде әртүрлі типтегі инновациялық сабақтар өткіздім (1 кесте).

Төменде көрсетілген инновациялық сабақтар әр модульдің тақырыптарын қорытындылау мақсатында өткізілгендігін атап кеткім келеді.

1 кесте – Инновациялық әдістерді қолданып өткізілген сабақтар

Тақырып	Инновациялық әдістің түрі	Әдістің қысқаша сипаты мен құралдары
Қазақстанның қатты пайдалы қазбалары (минералдар, тау жыныстары)	Пресс конференция	Сабақтың мақсаты: студенттерді Қазақстанның жер қойнауындағы қазба байлықтарымен таныстыру. Сабақ мазмұны: студенттерге Қазақстанның жер қойнауындағы әртүрлі қазба байлықтары бөлініп берілді. Өздеріне тиесілі тау жыныстары мен минералдардың кен орындары Қазақстанның қай аймақтарында орналасқаны, олардың физикалық қасиеттері, химиялық құрамдары, т.с.с. мәліметтерді өз беттерінше іздеп, саралап конференцияға мақала дайындап, баяндау тапсырылды. Сабақ барысы: студенттер өздеріне берілген тапсырмаларды орындап, презентация дайындап, конференцияда баяндады. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
Мұнай мен газдың пайда болуы	Дебат	Сабақтың мақсаты: мұнай мен газдың пайда болуы туралы қағидалармен таныстыру. Сабақ мазмұны: мұнай мен газдың пайда болуының «органикалық» және «бейорганикалық» теорияларын ұстанатын ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып өздерінің көзқарастарын ұсынып пікір таластыру. Сабақ барысы: Сабаққа эксперименттік топ студенттерінен басқа 5В070800 – «Мұнай-газ ісі» мамандығының 1, 2, 3 курс студенттері көрермен ретінде қатынасты. Топ студенттері екі командаға бөлінді – органикалық теорияның жақтаушылары және бейорганикалық теорияның жақтаушылары. Әр команда өздерінің көзқарастарын дәлелдеуде барынша нақты мәліметтер ұсынды. Топтар арасында қызықты, әрі тартымды пікірталастар болды. Көрермендерде өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
Қазақстанның мұнай-газ кен орындары	Іскерлік ойын	Сабақтың мақсаты: Қазақстанның мұнай-газ кен орындарымен таныстыру. Сабақ мазмұны: Қазақстанның белгілі бір мұнай-газ

		провинциясына қарасты кен орындарын сипаттау. Сабақ барысы: Студенттер бірнеше топқа бөлінді. Әр топқа мұнай-газ провинциялары бөлініп, сол провинцияға кіретін мұнай-газ кен орындарын сипаттау тапсырмалары берілді. Тапсырма бойынша кен орнының геологиясы, өнімді қабаттардың жасы, коллектор жыныстары жөнінде мәліметтер келтірілді. Құралдары: слайдтар, мультимедиялық, техникалық құралдар т.б.
--	--	---

Қорытынды бақылаудың нәтижелері 2-ші кестеде берілген.

2 кесте – Бақылау жұмысының нәтижесі

Топтар	Оқушы саны	Бағалар								Орташа балл
		5	%	4	%	3	%	2	%	
НГД - 21	17	5	29	11	65	-	-	1	6	82
НГД – 23 эксперимент тобы	17	6	35	10	59	1	6	-	-	90

Қорытынды көрсеткіштері бойынша эксперимент енгізілген топтағы білім деңгейінің жоғарылығы, инновациялық әдістермен пәнді жоғары меңгергендігі байқалып тұр.

Қорыта келе, білім алушылар жаңа технологияларды қолдану арқылы өткізілген сабақтардан әрбір тақырыптың мазмұнын жүйелі меңгеріп, пәнге деген қызығушылықтары артып, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады.[5].

«Алдына ұлы мақсат қойсаң ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, ел ертеңіне сеніммен қарасақ ғана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Оқытудағы жаңа технологиялар оқытушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы //Білім берудегі менеджмент. –Алматы, 2009. – №4. – 149-153 б.

2 Білім беруді жаңарту жағдайында заман талабына сай кәсіби білім беру мүмкіндіктері // Білім-Образование. –Алматы, 2009. – №5. – 28-34 б.

3 Бордовская Н.В. Гуманитарные технологии в вузовской образовательной практике: теория и методология проектирования: учебное пособие / Н.В. Бордовская. – СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. – 384 б.

4 Кирикова М.И. Современные методы обучения в вузе / Московский гуманитарный педагогический институт. – Москва. – 2014. – 86 с.

5 Хамзина Б.Е. НГД-21, 23 топтарында «Жалпы және мұнай геологиясы» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу арқылы салыстырмалы талдау жасау экспериментінің есебі //Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.– Орал, 2015.

#### РЕЗЮМЕ

В статье показана эффективность проведения занятий с применением инновационных методов обучения. Показан результат сравнительного анализа данных эксперимента по применению новых технологий обучения при изучении дисциплины «Общая и нефтяная геология» с целью повышения знаний студентов.

#### RESUME

The article shows the effectiveness of training with the use of innovative teaching methods. It shows the results of a comparative analysis of the experimental use of new learning technologies in the study of discipline "General and Petroleum Geology" in order to increase students' knowledge.